



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

предъявляемых электронным документам, прав, обязанностей и ответственности участников правоотношений, возникающих в сфере обращения электронных документов).

В Законе РК «О регулировании торговой деятельности» от 12 апреля 2004 года были приняты правила электронной торговли).

С 1 января 2018 года вступил в действие новый Налоговый кодекс, в котором заложен понятийный аппарат, а также основы налогового администрирования электронной торговли)[6].

Проведенный анализ законодательства Республики Казахстан об электронной торговле позволяет сделать выводы о том, что имеет место недостаточность правовой регламентации электронных платежей в казахстанском законодательстве.

Целесообразно учитывать тенденции законодательного регулирования электронной коммерческой деятельности, сложившиеся в международном правовом регулировании.

#### **Список использованных источников:**

1. Типовой закон ЮНСИТРАЛ об электронной торговле.// <https://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/electcom/05-89452>. Дата обращения 28.03.2018г.
2. Типовой закон ЮНСИТРАЛ об электронных подписях// <https://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/electcom/ml-elecsig-r.pdf> Дата обращения 28.03.2018г.
3. Директива Европейского Парламента и Совета Европейского сообщества. О правовых основах регулирования электронных подписей в Сообществе//base.garant.ru/2570145

УДК 349.444

### **«АҚЫЛДЫ ҮЙ» МЕХАНИЗМІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

**Каирбаева Назгуль Алтынбековна**  
[nazgulya-5@mail.ru](mailto:nazgulya-5@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Г. Кожаметова

Өмірге қолайлы жағдайды қалыптастыру мен жақсарту үрдісі - заманауи әлемнің қажеттілігі. Технологиялар мен инновациялар революциясының нәтижесінде қоршаған ортада, энергия пайдалану саласында, құрылыста, оның ішінде тұрғын жайларда лайықты өмірді қамтамасыз ететін жүйелер мен механизмдерді енгізу қарқын алуда. Бүгінде ғылыми-техникалық революция мемлекеттік деңгейде бекітілді, атап өтсек, 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» сияқты Президент жолдаулары тұрғын үйлер мен инфрақұрылым саласына инвестицияларды ұлғайту арқылы технологиялық келбетті қалыптастыру туралы баяндалған.

Қазақстанның тұрғын үй саласында пайда болған соңғы инновациялық бағыттарының бірі – «Ақылды үй» кешені. Ақылды үйдің басты көздейтін мақсаты кез келген уақытта сенімді қауіпсіздік пен үй шығыстарын үнемдеу болып табылады, жаңартылатын энергия көздері негізінде, жаңа инновациялық шешімдері негізінде ақылды үй қалыптастырылады. 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауға сәйкес, алға қойылған басым міндеттердің ішінде «Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу» бар. Осыған орай, Жолдауды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Президенттің жарлығы қабылданып, нормативтік-құқықтық актілерге көппәтерлі тұрғын үйлерді интеллектуалдық басқару жүйелерімен жарактауды көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізу шарасының орындалуы 2019 жылдың наурызына дейін бекітілген[1]. Демек, нормативтік-құқықтық актілерде тұрғын үй

құрылысындағы жаңа технологиялық бағытты енгізу мәселесі реттелмеген және бұрынғы құқықтық актілерде құрылыстың жалпылама талаптары көзделінген.

2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңының 49-бабы бойынша, елді мекеннің тұрғын аймағы көп пәтерлі үй-жайлар және үй жанындағы учаскелері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған және оларға жапсарластыра салынған медициналық қызмет көрсететін, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-ағарту мақсаттарына арналған объектілермен, инженерлік көлік инфрақұрылымы объектілерімен қамтамасыз етілуі тиіс [2]. Аталмыш құқықтық нормалардың «Ақылды үй» концепциясының мысалында қарастыратын болсақ, Астана қаласындағы «Highvill» тұрғын үй кешені А-С аралығындағы блоктарды қамтып, 2007 мен 2016 жылдар аралығында толығымен эксплуатацияланды. Тұрғын үй кешенінің өзі инфрақұрылымның барлық элементтерін қамти отырып, 2,5 мыңға жуық пәтерлер халықтың тарапынан жеке микрорайонға теңеледі.

«Ақылды үй» механизмін жетілдіру барысында мемлекеттік деңгейде «Ақылды қала» (Smart City) концепциясы туындады. Концепцияның алғашқы нысанасы елорда Астана болып табылады. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес, объектілердің және олардың кешендерінің құрылысы, сондай-ақ коммуникацияларды төсеу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, елді мекеннің бас жоспары негізінде орындалған құрылыс салу жобасына сәйкес әзірленген жобалау құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады. Осыған орай, Астана қаласының әкімі Ә.О. Исекешев 2017 жылы шілде айында өткен ТМД ірі қалаларының халықаралық ассамблеясының XXV сессиясында Астананың 2025 жылға дейінгі мастер-жобасы қолға алынғандығын және MABCO, BI Group, Highvill Kazakhstan, «Базис-А» сияқты ірі компаниялар ат салысатын «Астана 3.0» жобасы (Қала технологияларының орталығы) өз іс-шаралар кешенін орындап жатқандығын баяндады [3]. Осылайша, алдыңғы қатарлы құрылыс компаниялары ірі жобаны іске асыру мақсатында, «Ақылды үй» концепциясына сай келетін тұрғын үй жобаларын ұсынуда.

Сәулет және құрылыс қызметі туралы басты заңнаманың 63-бабы бойынша жаңа үйлер мен ғимараттардың, олардың кешендерінің, инженерлік және көлік коммуникацияларының құрылыс жобасы объектінің орналасқан жерінің қала құрылысы тұрғысынан негізділігін, құрылыс жүргізу және құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға тапсыру үшін қажетті көлемде экономикалық, сәулет, көлемдік-жоспарлау, функционалдық, технологиялық, конструкциялық, инженерлік, табиғат қорғау, энергия үнемдеу шешімдері мен өзге де шешімдерді қамтуға тиіс. Бұл орайда, «Highvill» тұрғын үй кешенінің жайлы өмірді қамтамасыз ететін басты бес бағытын атап өтуге болады: 1) Инженерлік блок ; 2) Энергетика блогі; 3) Әлсіз ток жүйелері; 4) Өртке қарсы қауіпсіздік жүйесі; 5) Клининг қызметі. Барлық бағыттар заманауи инновациялық шешімдерді қамтиды.

Қазақстанға «Ақылды үй» жобалары мен технологияларының енуіне көп уақыт болмағанымен, өзге постиндустриалды елдерде, әсіресе Жапония, Сингапур, Малайзия, АҚШ, Еуропа елдеріндегі ақылды үйлер саны жыл сайын бірнеше есе болып артуда. Ең алғашқы интеллектуалды үй 1980 жылдардың соңында Токиода профессор Кен Сакамураның үйі болып табылады. Тек Солтүстік Америка мен Еуропа материктерін ғана алатын болсақ, 2016 жылы ақылды үйлер 30,3 млн құрады, соның ішінде бір жылдағы өсу қарқынының көрсеткіші 47%-ды құрап отыр. Ақылды технологиялар бойынша қызмет көрсетуді бақылайтын Berg Insight швед компаниясы аналитиктерінің пікірі бойынша, 2021 жылғы дейін ақылды үйлер саны 73 млн-ға дейін ұлғаяды [4].

Еуропа мен АҚШ-та тектес ақылды үйлер тізбегінен «Ақылды қала» механизмін бір жүйеге келтіру үшін нормативтік-құқықтық актілерде бұл мәселені реттеу қажеттілігі бірнеше жылдай аса қажеттілікке айналып отыр. Әзірше, Астана мен Алматы республикалық маңызы бар қалаларында концепцияны іске асыру қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқанымен, облыс орталықтарында да бұл процестің орын алуына аз уақыт қалды. Астана

қаласындағы ақылды үйлердің санын ұлғайту, ең алдымен, ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы Қаулысы негізіндегі Астана қаласының бас жоспарына байланысты. Бас жоспарға сәйкес, елордадағы тұрғын үйлердің су бұру, жылумен жабдықтау, электр энергиямен және газбен жабдықтауда қазіргі заманғы технологиялармен жарақтандыру және инновациялық технологияларды дамыту басты міндет пен іс-шара қатарына қосылды.

Ақылды үй тұжырымы әлемде кең өріс алып, бұл инновациялық жүйе қала тұрғындары үшін экологиялық қауіпсіздік пен қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. 2013 жылдың 22 сәуірінен бастап «Астана қаласының әлемнің «50 ақылды» қалалары рейтингіне енуі бойынша шараларды жоспарын әзірлеудің қажеттігі туралы» тапсырмасы бойынша Жол картасы шеңберінде астананың тұрақты даму тұжырымы – Smart Astana (Ақылды қала), демек «Ақылды үйлер» жобасы да қолға алынды. 2013 жылдан басталған бұл үрдістің қазіргі уақыттағы көрсеткіші 10 мыңға жуық интеллектуалды үйлерді қамтиды.

Тұрғын үй құрылысы саласындағы белгілі маман Томас Хартманның пікірі бойынша, ақылды үй концепциясындағы технологиялық аспектілерге жатады: - жайлылық пен ауа сапасы; - бір адамға негізделген ауа баптау, жылу жүйесі (HVAC жүйесі); - микроклиматты дара бақылау; - автоматты оңтайландыру жүйесі; - құрылыстың IT-инфрақұрылымымен байланыс орнату [5, 28]. Бұл аспектілер тұрғын жайдың интеллектуалдық потенциалын арттырады. Қазіргі уақытта осы тектес аспектілерді Қазақстанның ғимараттары мен тұрғын үй құрылыстарына енгізумен әрі жалпылама автоматтандырумен айналысатын компаниялардың бірі Cisco болып табылады. Компанияның қазақстандық кеңсе директоры Д. Шустердің пікірінше «ақылды үйлерге» сұраныс тек нақты компаниялар ақылды технологияларды шығарған уақытта ғана басталады, әзірше бұл процес Қазақстанда баяу жүріп жатыр. Біздің ойымызша, осыған әсер ететін себептердің бірі – мемлекеттің «ақылды технологиялар» рыногын қолдамауында, яғни заңнамалық деңгейде технологиялар реттелген уақытта, нарықтағы интеллектуалдық технологияны шығаратын өндірушілер саны көбее түседі.

Сонымен қатар, Қазақстандағы «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілуіне орай, 2017 жылы 13 желтоқсанда ҚР Энергетика министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің бірлескен бұйрығымен «ЭКСПО-2017 ұсынылған жаңа технологияларды қолдану бойынша Жол картасы» бекітілді. Аталмыш Жол картасына сәйкес, ақылды үйлерді қалыптастыратын экологиялық капсулалар, портативті генераторлар, фотоэлектр панельдер және т.б. технологияларды тұрғын үй құрылысында пайдалану қарастырылып, оларды толығымен жүзеге асырылу уақыты 2020 жылға дейін белгіленген [6].

«Ақылды үй» концепциясы әлемді стандарттар мен белгілі бір технологиялық бағдарламаларға сай қалыптастырылады. Атап айтқанда, Қазақстанда әрекет ететін халықаралық BREEAM (Ұлыбритания) және LEED (АҚШ) стандарттары, BIM технологиясы (ғимаратты ақпараттық модельдеу) және басқалары әлемдік тәжірибенің бөлшегі бола отырып, заманауи интеллектуалдық әлемді қалыптастыруға әсер етеді. Осы технологиялық шешімдер Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы «Өңірлерді дамыту», «Қолжетімді тұрғын үй - 2020», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» сияқты бұрын қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды да қамтуы тиіс. Осымен бір уақытта қазақстандық нарықта ақылды үйді құруға мүмкіндік беретін құрылымдық бөлшектерді ұсынатын компаниялар саны артуда. Тек Интернет желісіндегі осы тектес ұсыныстар саны мыңға жетуі таңғаларлық емес.

Осылайша, Қазақстанда «Ақылды үй» механизмі әлі құқықтық тұрғыда қарастырылмағанымен, нарықтық жағдай керісінше. Сол себепті, ақылды үйлердің тұрақты түрде дамуына әсер ете алатын стимулдардың бірі оның нормативтік актілерде бекітілуі, сонымен қатар бірнеше мемлекет тәжірибесін синтездеуі бола алады. «Ақылды үй» концепциясының механизмін мемлекетте қалыпты үрдіске айналдыру үшін келесі ұсыныстарды қарастыру жөн деп есептейміз:

- Нормативтік-құқықтық актілерде технологиялық потенциалды реттеуге мүмкіндік беретін бірқатар нормалардың жобасын қарастырып, оларды енгізу;

- Ақылды технологиялармен айналысатын компаниялардың бизнес-жоспарын мемлекет тарапынан қолдай отырып, ынталандыру шараларын бекіту әрі іске асыру;
- Технологиялық революциямен ілесу үшін нақты бұл саладағы мамандар санын арттыру, біліктілік деңгейін көтеру және жоғары оқу орындарындағы оқу барысын осы мәселе бойынша қайта қарастыру;
- Әрбір инновациялық технологиялар потенциалына ие компаниялардың Интернет желісіндегі өзіндік веб-сайттарын құру арқылы халық ұсыныстары мен шағымдарын электрондық нысанда қарастыру әрі халыққа хабарландыру мәселелерін электронды түрде шешу;
- Азаматтық қоғам тарапынан «Ақылды үйлер» кешендерінің салынуы мен пайдалануға берілуін бақылау үшін арнайы қоғамдық бірлестіктерді құру;
- Шетелдік белгілі компаниялар, мысалы қытайлық China State Construction Engineering, француздық VINCI, жапониялық Daiwa House Industry сияқты компаниялардың заманауи әдістерін тәжірибеде пайдалану;
- Жаңа технологиялық шешімдерді, жаңа стандарттар мен бағдарламаларды құрылыс саласында пайдалануды мемлекеттік қолдау деңгейін арттыру, құрылыс компанияларға әлемдік стандарттарды сақтауын міндеттеу.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы №633 Жарлығы
2. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы
3. Ж. Мамышев. Асет Исекешев пригласил горожан к проектированию Астаны-2025
4. Количество умных домов в Европе и Северной Америке в 2016 году достигло 30,3 млн
5. А. Галиев. Умные здания в Казахстане: построить некому продать // Инженерно-технический журнал «Вестник автоматизации» №34, 2017.
6. Дорожная карта по применению новых технологий представленных на ЭКСПО-2017

### **КРИПТОВАЛЮТА АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

**Коккузова Айдана Сериковна,  
Төлегенова Ұлжан Мұхитқызы**  
[Aidana6k@gmail.com](mailto:Aidana6k@gmail.com)  
[U\\_tm@mail.ru](mailto:U_tm@mail.ru)

«Халықаралық құқық» мамандығының 2 курс студенттері.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Жаманбаева Ж.Е.

#### **Аннотация**

Мақала Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық құқық объектілерінде криптовалютасының құқықтық мәртебесін талдауға және шет мемлекеттердің тәжірибесімен таңысуға арналған. Криптовалютаны ақша, электрондық ақша, валюталық құндылықтар, ақпарат және басқа да мүлік ретінде білу мүмкіндігі қарастырылады. Қорытынды криптовалютасын «басқа меншік», сондай-ақ азаматтық құқық объектісі ретінде қарастыру ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** криптовалюта, азаматтық құқық, объект, электрондық ақша  
**Abstract**